**Қамқоршылық кеңесі отырысының**
**хаттамасы №6**

**О.Әлібаев атындағы ЖОББМ** **10.12.2018 ж.**
**сағ.16[00]**

**Төрағасы:** Жахина Ш (әкімшілік қызметкер, ата-аналар төрайымы)
**Хатшы:** Уалиева Г (әлеуметтік педагог)
**Қатысқандар:**
Алин Д.Г- мектеп директоры, Желибаева Н.Б – тәрбие ісінің орынбасары.
**Қамқоршылық кеңесінің мүшелері-** -

Асқаров С (шаруа қожалық иесі, ата-ана)
Құлова С (ата-ана)
Жүкенова А (ауыл кітапханашысы)
Көпбосынов Ж (мәдениет үйі меңгерушісі)
Хидирова А (ата-ана)
Ахметбекова Г (ата-ана)
Жуанышбаев Ы (шаруа қожалық иесі, ата-ана)
Смагулова Б (әкімшілік қызметкер, ата-ана)

**Күн тәртібінде:**

1. **2018 жылғы «Қамқоршылық» кеңесінің атқарған жұмыстары есебін тыңдау.**
**Мектеп директоры Д.Г.Алин.**

**Тыңдалды:**
**Сөйледі:** мектеп директоры - Д.Г.Алин.

Мектеп директоры Д.Г.Алин сөз алып, 2018 жылы мектепте жүргізілген жұмыстарға тоқталды. Өткен 2018 оқу жылында жаңартылған білім беру мазмұны бойынша мұғалімдер, ата-аналарға семинар ұйымдастырылып, оң нәтиже берді. Өткен оқу жылында 265 оқушы білім алды. Білім сапасы алдыңғы оқу жылымен салыстырғанда жоғарылады, яғни 74% сапа көрсетті. Өткен оқу жылын 25 оқушы аяқтады. Оның ішінде 19 оқушы ҰБТ-ге қатысты. 18 оқушы ЖОО-на түсіп, 7 оқушы колледжге түсті. 5 оқушы грант иегері атанды. Алтын белгіге 2 оқушы ұсынылып, бір оқушы Жұмағұл Есбол 110 балл жинады. Біздің мектепте «Үздік аула » жобасына демеушілердің көмек көрсетуі жыл сайын артуда. Демеушілер көмегі 45000 тг құрады. 1 маусым Балаларды қорғау күніне орай өткен аудандық шеруге мектеп атынан 10 қыз, 10 ер бала қатысып, әрқайсысы 12000 тг көлемінде қаражатқа ұлттық киім тіктіріп, 10 тайтұяқ, 10 сылдырмақ аспаптарын ата-аналардың демеушілігімен жасатып, 240000 тг қаражат жұмсады. Сонымен қатар Соңғы қоңырау салтанатына жыл сайын бұрынғы бітіріп кеткен түлектеріміз өз көмектерін көрсетеді. Атап айтсақ, 25 жылдық түлектер 20000 тг көлемінде тұратын домбыра- музыкалық аспабын, 30 жылдық түлектер құны 15000 тг тұратын «Хан тәңірі» мүсінін, Жаңа жылдық безендіруге өткен оқу жылының түлектері ата-налары 60000 тг әрлеу, безендіру жұмыстарын және мектебімізге 145000 тг Самсунг теледидарын сыйға тарту етті. Биылғы қамқоршылық кеңесі ұсынысымен мектеп айналасын көгалдандыру мақсатында үздік оқушыларға арналған «Үздіктер» аллеясы ашылды. Әр үздік оқушы 4500 тг болатын қарағай ағашын отырғызды. Үздіктер аллеясына отырғызылған қарағайға ата-аналардың демеушілігінен 135000 тг қаражат бөлінген. Сараптама нәтижесінде аз қамтылған отбасынан 32 оқушы, көпбалалы отбасынан 168 оқушы болды. Әлеуметтік жағынан қорғалмаған және аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға қаржылық және материалдық көмек көрсетілді. Асханадан тегін ыстық тамақпен 20 оқушы қамтамасыз етілді. «Менің таңдауым – балаларға көмек көрсету» ұранымен «Мектепке жол» дәстүрлі жалпы республикалық акция өтті. Іс – шараға мектеп ұжымы түгелдей, ата-аналар, демеушілер түгелдей қатысты. Мектепте оқитын 20 оқушыға оқу-құралдары, киім –кешек берілді. «Мектепке жол» акциясында 115500 тг көмек көрсетілді. Оның 46000тг ақшалай, 65500 тг заттай көмек көрсетілді. Аз қамтылған оқушыларды ауданда өткен олимпиада мен спорттық сайыстарға жол ақысы демеушілік етілді. «Мектеп мерейі» атты аудандық жоба жасалып, мектеп мұражайын ашу қолға алынды. Жобаның іске асырылуына демеушілер көмек көрсететіндігін атап айтты. Қыркүйек айында даярлық тобы кабинетіне 33000 тг жалюз, 20000 тг стенд жасалынды.

**Сөз алғандар:** Сөйледі: Хидирова А (ата-ана)
Кеңес мүшелері мектеп әкімшілігімен бірігіп жұмыс жасап, қолға алынған жобалардың жоспарлы түрде іске асуына атсалыссақ, оң нәтиже берері сөзсіз. Мектеп бітірген түлектермен, демеушілермен жұмысты жандандыруды мақсат етемуіміз керек. Сондай – ақ мектеппен үнемі байланыс жасап, үштік одақ жұмысын жандандыру қажет.
**Қаулы етілді:**
1. Білім беру ұйымында өткізілетін қайырымдылық іс-шараларына демеушілер тартылсын.
2. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жоспарлы түрде белсенді іс-шараларға атсалыссын.

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Кеңес мүшелері:** | **Асқаров С** | **Смагулова Б** | **Жүкенова А** |
| | **Хидирова А** | **Құлова С** | **Жуанышбаев Ы** |
| | **Көпбосынов Ж** | **Ахметбекова Г** | |

**Төрайым:** **Жахина Ш**
**Хатшы:** **Уалиева Г**